



Откен аптада БАК оқілдері үшін «Караозек» компрессорлық стансасына баспасоз туры ұйымдастырылды.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ кұбыры жобасына Елбасынын бастамасымен 2017 жылы жан біткен болатын. Қазіргі уақытта байыпты бастаманын жемісін бүтіндей бір облыс гана емес, еліміздің озге де онірлері коріп отыр.

Бүгінде облыс жұртшылығынын 60 пайыздан астамы табиғи газды пайдаланады. Ал 7 ауданнын 4-еуі тұрақты түрде қогілдір отын тұтынып отыр. Сыр онірі халқынын қытымыр қыстан қысылмай шығуына мүмкіндік мол. Тұрғындар қомір жағып, күл шығармайды. Отын уайымынан күтылган. Президенттің әлеуметтің жағдайын жақсартуға деген бастамасы осылайша жан-жақты жүзеге асырылуда.

Бұл тақырып тонірегінде облыстық энергетика және тұрғын ұй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысынын орынбасары Ерлан Жоламановтын айтары бар.

- Ұлт қошбасшысы Н.Назарбаевтын бес әлеуметтік бастамасында «Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру» кенінен айтылды. Қазіргі таңда 267,3 миллиард теңгені күрайтын «Сарыарқа» магистральды газ кұбыры күрылысынын бірінші кезеніндегі

«Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Астана» бағытын 2018 жылдын қараша-желтоқсан айларында бастап, 2019 жылдын желтоқсан айында толықтай аяқтау жоспарлануда. Осы арқылы «Сарыарқа» магистральды газ құбырының бойындағы 171 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ете аламыз. Тұрғындарды газбен қамтамасыз етумен қатар, шағын және орта бизнесті дамыту қозғалған. 200-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылатын болады. Экологиялық ахуал жақсартылып, 800 уақытша жұмыс орны ашылады, - деді Е.Жоламанов.

«Қараөзек» компрессорлық станциясының еліміздің орталығы мен солтүстік өңірлерін де газбен қамтамасыз етуге күші жеткілікті. Станция басшысы Талғат Мәнеевтің сөзінше, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырынан 944 шақырымда орналасса да, нысан жылына 10 миллиард текше метр газ өткізуге қауқарлы. Сала мамандарының пікірінше, компрессорлық станция Астана және солтүстік өңірлерді газдандыруды есепке ала отырып жоспарланған. Бұл мақсатты орындауға қуаты толығымен жетеді дейді.

Бұдан бір-екі жыл бұрын ғана іске қосылған станция заманауи құрылғылармен толықтай қамтылған. Мәселен, газ айдаушы агрегаттар, жұмыстың күрделі режимдерінде пайдалануға арналған соңғы үлгідегі қосалқы жабдықтармен жабдықталған. Сондай-ақ, газ құбырлары, газды есепке алу торабы және басқа да инфрақұрылымдық нысандардың құрылысы қаланды.

Ал «Қараөзек» компрессорлық станциясының негізгі күші – жұмыстың ең күрделі режиміне арналған үш газтүбиналық қондырғылар. Америкалық «Solar Turbines» компаниясының жоғары технологиялары негізінде дайындалған жабдықтар жұмыс қорігін қыздыра түседі. Барлық үш агрегатты пайдаланған кезде станцияның өнімділігі тәулігіне 43,5 миллион текше метр газды құрайды. Осылайша Сарыарқа газы Сырдан бастау алар күн де алыс емес.

**Ж.Қойшыбекова**